



**БҰЙРЫҚ**

2024 жылғы 22 сәуір

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 183

город Астана

**«Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің  
кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2024 жылғы 17 сәуірдегі № КГИП-03-КГ/4500 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) директорлар кеңесінің мүшесі Бану Мұқатайқызы Нарбекованың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. Қоғамның директорлар кеңесінің құрамына Емелбаев Руслан Тоқтарбекұлы – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі сайлансын.

3. Руслан Тоқтарбекұлы Емелбаевтың өкілеттік мерзімі Қоғамның директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімі біткен соң аяқталатын болып айқындалсын.

4. Мемлекеттік сатып алу және активтер департаменті осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек